**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны**

**Коммунальное государственное предприятие «Областной Центр крови» Управления здравоохранения акимата Костанайской области**

«Бекітемін»
«Облыстық қан орталығы» КМК директоры
_____________Иосипенко Е.С.

2015 ж. «27» 01

«Утверждаю»
Директор КГП «Областной центр крови»
_____________Иосипенко Е.С.

«27» 01 2015 г.

# МИССИЯ,
# СТРАТЕГИЯ,
# МАҚСАТ, МІНДЕТТЕР.

## Миссия.

Қостанай облыстық қан орталығының миссиясы:

«Біздің өнімдеріміз қауіпсіз және GMP талаптарына сәйкес болуы үшін барлығын жасаймыз. Біз донор болған әрбір адамның бізге қайтадан келгісі келгенін қалаймыз».

Қостанайдағы қан орталығы тұтынушыларының қажеттіліктерін қанағаттандырумен және тұтынушыларға қойылатын талаптарга үнемі сәйкестігін немесе одан асып кетуін қамтамасыз ету мақсатында өнімнің жоғары сапасын үздіксіз жақсартып отырумен қамтамасыз етеді.

Осы миссияға жету үшін біздің ұжымның күш-жігері

- қан қызметінде заманауи технологиялар мен біздің білімдерімізді қолдану арқылы адам өмірін құтқаруға;
- трансфузиялық көмектің қауіпсіздігін, сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған ҚР қан қызметінің бірыңғай стратегиясына қатысуға;
- Қостанай облысында өтеусіз донорлықты ұйымдастыруға белсенді қатысуға;
- қан мен оның компоненттерін халықаралық стандарттарға сәйкес дайындауға;
- облыстың медициналық ұйымдарын қанның иммунологиялық және инфекциялық қауіпсіз компоненттерімен барынша қамтамасыз етуге;
- бекітілген талаптарға сәйкес қан өнімдерінің сапасын бақылауға;
- қан қызметі мәселелері бойынша медициналық ұйымдарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетуге;

- Облыстың болашақ қан қызметін қалыптастыру үшін инновацияларды пайдалануға және білімге ұмтылуға;
- біздің мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін жаңа мүмкіндіктерді іздеуге және іске асыруға бағытталған.

## Стратегия.

Стратегия:

- ерікті өтеусіз қан донорлығына халықты барынша тартуға;
- инфекциялық қауіпсіз, жоғары сапалы қан компоненттерін өндіруге;
- инфекцияға донорлық қанның екі кезеңді автоматтандырылған скринингін жүргізуге;
- автоматтандырылған иммуногематологиялық зерттеулер, оның ішінде донор мен реципиенттің жеке үйлесімділігіне;

- мұздатылған эритроциттерді пайдалану мүмкіндігін кеңейтуге;
- қанды дайындау және қайта өңдеудің аппараттық технологиялары, оның ішінде қан жасушаларының донорлығына;
- жаңа технологияларды одан әрі жетілдіруге және енгізуге;
- ҚР қан қызметінің бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізуге бағытталған.

## Мақсат.

Шығарылатын өнімнің сапасын талап етілетін стандарттармен қамтамасыз ету, Қостанай облысының тұрғындарына трансфузиологиялық көмек көрсету үшін қан өнімдерінің инфекциялық және иммунологиялық қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету.

## Міндеттер.

ОҚО-ның негізгі міндеттері:

- донорлық кадрларды жоспарлау және есепке алу, донорларды медициналық куәландыру, қанды зертханалық тестілеу,
- ҚР қан қызметі ұйымдарында шығарылатын міндетті номенклатураға сәйкес донорлық қанды дайындауды жүзеге асыру, одан компоненттерді дайындауды жүзеге асыру,
- донорлық плазмацитаферез жүргізу,
- дайындалатын қан компоненттерінің жұқпалы және иммунологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету,
- лейкофильтрлеу, қан компоненттерін вирустазарту,
- донорлық плазманы карантиндеу,
- МҰ қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында донорлық қан мен оның компоненттерін дайындау көлемін жоспарлау,
- қан компоненттерін дайындау және құю кезінде денсаулық сақтау ұйымдарына ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету, қан құюдың инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету,
- посттрансфузиялық асқыну жағдайларын зерттеу, олардың алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізу,
- қан қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және трансфузиология мәселелері бойынша МҰ медициналық қызметкерлерін оқыту,
- халық арасында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында донорлықты насихаттау бойынша жұмыстар жүргізу.

**Біздің қан орталығы болашақта медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруда өндірістік трансфузиология, зертханалық диагностика саласында жетекші болып табылады.**

**Біз техникалық мүмкіндіктерімізді үздіксіз жақсартуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға ұмтыламыз.**

**Бізді өзіміз жайлы пікірлер қызықтырады және тұтынушыларымыз үшін маңызды мәселелерді шешуге тырысамыз.**

**Біз осы саладағы көшбасшылық беделімізді облыстық және республикалық деңгейде бағалаймыз.**